



XҒТАР 15.41.25
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-150-1-283-299>

Қазіргі қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелері

Мовкебаева З.А.¹, Жолтаева Г.Н.², Альмухамбетова Б.Ж.³, Есимханова Р.К.⁴

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

^{2,3,4}Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

(E-mail: ¹zmovkebaewa@mail.ru, ²gnzh1661@mail.ru, ³bibigulya74@mail.ru,
⁴or_yesimkhanova@mail.ru)

Аңдатпа. Мақалада қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелері зерттеледі. Әлемде әлеуметтік қорғау мен инклюзияны қамтамасыз ету үшін заңнамалық негіздер мен бағдарламалар енгізілгенімен, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамда тең құқықтар мен мүмкіндіктерге қол жеткізуі әлі де кедергілерге тап болуда. Бұл мақаланың мақсаты қазіргі қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу аспектісін шетел әдебиеттері негізінде зерделеу мен осы саладағы бар қиындықтарды талдау. Елімізде осы мәселені жеңудің мүмкін жолдарын табу үшін аталған санаттағы адамдардың әлеуметтік бейімдеу мәселесін ғылыми теориялық тұрғыда негіздеу.

Мақаланың ғылыми маңыздылығы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік қорғау жүйесінде дамуы мен білім алуы, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерінің іргелі мәселелері психология ғылымының шеңберінде талданды. Мақаланың тәжірибелік маңызы – зерттеу материалдары бейімделудің психологиялық, әлеуметтік, инфрақұрылымдық аспектілерін, психологиялық көмек көрсетудің өзекті бағыттарын, жоғары оқу орындары мен колледждерде оқу жағдайында оларды оңтайландырудың ішкі ресурстарын айқындауға мүмкіндік беруінде. Зерттеу нәтижелері мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу деңгейлерін - жоғары, орташа және төмен деп классификациялауға мүмкіндік берді. Авторлар, шет елдік ғалымдардың зерттеулеріне сілтеме жасай отырып, әлеуметтік бейімделудің теориялық негіздерін ұсынады. Бейімделудің психологиялық, әлеуметтік инфрақұрылымдық аспектілері, әлеуметтік-психологиялық қолдаудың маңыздылығы көрсетіледі. Мақалада мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін қолайлы әлеуметтік орта қалыптастырудың қажеттілігі және қоғамдағы қолдау көрсету механизмдерін дамыту туралы ұсыныстар беріледі. Бұл зерттеу жұмысында мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметте толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ету жолындағы күрделі мәселелерді шешуге бағытталған ұсыныстар ұсынылады. *Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі*

Ғылым комитетінің BR24993150 «Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бейін алды даярлауда психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру» бағдарламалық-мақсаттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалған.

Түйін сөздер: Әлеуметтік бейімделу, мүмкіндігі шектеулі адамдар, әлеуметтік көмек, психологиялық кедергілер, стигматизация, әлеуметтік қолдау.

Кіріспе

Елімізде мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік қорғау Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеліп, білім беру бағдарламаларын меңгеруі, тұрмыс сапасын жақсартуы бойынша шаралар қабылданды. Қазіргі уақытта мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуі және жұмысқа орналасуының бірыңғай жүйесін құрудың да ауқымы біртіндеп кеңейіп келеді. Осы мақсатта мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмірлік қызметін талдауға арналған көптеген қоғамдық бірлестіріктер мен социологиялық зерттеулер, мемлекеттік бағдарламалар мен қатар жүзеге асуда. Бүгінгі күні бұл санаттағы адамдардың басым бөлігі осындай қолдаудың игілігін көре бастады. Құқықтық жүйені жетілдіру және инклюзивті инновацияларды дамытуға қарамастан, мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеу мәселесі қазіргі жағдайда өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Мүмкіндігі шектеулі қазақстандықтардың күнделікті өмірінде физикалық ерекшеліктеріне негізделген теңсіздік әлі жойылған жоқ, яғни денсаулықтың психофизиологиялық жағдайы әлеуметтік оқшаулануға бүгін де негіз бола алады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік ортаға стихиялы түрде бейімделуі, осы топтағыларға әлеуметтік қолдау көрсетуді үстірт бағалауы олармен жұмыс істеудің бүкіл жүйесін инерциялық, белсенді емес әлеуметтік көмекке дейін төмендетеді, оларда тәуелді мінез-құлық тактикасын қалыптастырады. Сонымен қатар осы ретте әлеуметтік бейімдеудің ғылыми-теориялық әдістерін жүзеге асырудың дұрыс қалыптасқан жүйесі, осы топ өкілдеріне қолайлы жағдай туғызуға және дамытуға бағытталған ортаның қалыптасуына негіз болады. Мүмкіндігі шектеулі адамдар әлеуметте еркін өмір сүретіндей жағдай жасау үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарының сандық және сапалық көрсеткіштері қоғамдық пікірталастарда көрініс табуы керек. Мәселені қамту әлеуметтік бейімделу тетігін енгізуге және мүмкіндігі шектеулі адамдарды халқымыздың еңбек ресурстарына қосу мүмкіндігіне ықпал етеді.

Бұл жұмыс мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу аспектісін зерделеуге, осы саладағы бар қиындықтарды талдауға, оларды жеңудің мүмкін жолдарын табу үшін ғылыми теориялық тұрғыда негіздеуге бағытталған.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жасау, сауалнама.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуінің әдіснамалық негіздерін анықтау мен зерттеудің тұжырымдамалық тәсілдерін үш топта қарастыру қисынды болды. Бірінші қатарда тұлғаның әлеуметтік ортамен қарым-қатынасын, оның әлеуметтік орта жағдайына бейімделуін зерттейтін шет елдік ғалымдар Э.Дюркгейм [1], Т.Парсонс [2], М. Вебер [3], Э.Фромм [4] және т.б. еңбектері. Бұл әлеуметтік бейімделу теориясының негізін салушы классикалық ғалымдардың еңбектері. Э.Дюркгейм ұсынған әлеуметтік теорияның артықшылығы - жеке тұлғаның әлеуметтік бейімдеуін

интернационализациялау процесінде сипаттап, мақсатқа бағытталған адаптациялық мінез-құлық мазмұнын және оған жету құралдарын, еңбектерінде – мақсатқа бағытталған бейімделу деп тұжырымдаған. Т.Парсонс бейімделуді индивид және онымен әлеуметтік орта арасындағы тепе-теңдікті сақтаудың когнитивтік, қорғаныс механизмі ретінде сипаттайды. Зерттеушілер тобы қалыптастырған интерпретивистік көзқарас тұжырымдамасын әлеуметтік бейімделуді әлеуметтік инклюзия ретінде қарастыру мүмкіндігін ашады.

Екінші қатарда ғалымдар мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуінің теориялық концепцияларын әлеуметтік проблемаға жатқызады, яғни физиологиялық айырмашылықтардың бар екендігін жоққа шығармай және әлеуметтік кемсітушіліктің бар екендігіне тоқталмай мүгедектік мәселесін қарастырады. Зерттеушілер осы тұрғыда әлеуметтік бейімделу мәселесін талдаудың әртүрлі тәсілдерін ұсынады. Сонымен, В.А.Анчикова мен Ю.А.Крикунова [5] шынайы болмыстың санадан тәуелсіздігін негіздей отырып, әлеуметтік мәселелерді талдаудың объективтік тәсілдерін алға тартты. Р. Ленуар [6], С. Миллс [7] және т.б. ғалымдар тобы жоғарыда айтылғандарды әлеуметтік мәселелерді зерттеудегі субъективисттік көзқарастармен салыстырады және индивидуализм мүгедектікті түсінудің негізі болып табылатынын алға тартады.

Л.Н. Антропьянская [8], С.А. Жилина [9] сияқты шет елдік ғалымдар тобы өз еңбектерінде когнитивтік көзқарас аясында мүмкіндігі шектеулі адамның әлеуметтік бейімделу факторын, тек танымдық сала негізінде талдайды.

Талқылау және нәтижелер

Жоғарыдағы еңбектердегі әртүрлі көзқарастарға қарамастан, олар аталған зерттеу тақырыбының теориялық тұғырнамасы бола отырып, мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуін зерттеудің теориялық және әдістемелік негіздері тұрғысынан қызығушылық тудырады.

Әлеуметтік бейімделу мәселелерін зерттеу саласы алуан түрлі, білімнің көптеген салаларында қолданылады және әртүрлі салалар тоғысында болуы жалпы ғылыми дәрежедегі зерттеушілердің назарын аударады.

Әлеуметтік бейімделу мәселелерін зерттей отырып, біз бейімделу процесін тұлғаның өзін-өзі реттейтін жүйесінің қасиеті ретінде оның физиологиялық, психологиялық және әлеуметтік үш функционалдық деңгейін анықтай отырып қарастырдық. Бейімделу процесінің физиологиялық механизмдерін физиологтар И.П.Павлов [10], П.К.Анохин [11] зерттеген еңбектерді негізге ала отырып, яғни «организмнің сыртқы орта факторларына бейімделуі жеке органдармен емес, олардың әрқайсысына бағынатын жүйелермен қамтамасыз етіледі», деген көзқарас шеңберінде біз, мүмкіндігі шектеулі адамдардың физикалық ортаға бейімделуі адамның биологиялық организм ретінде қалыптасуы шарт. Бұдан әрі авторлар жоғарыда аталған жүйелерді функционалдық жүйелер деп анықтап, орындалған әрекеттің нәтижесі, яғни қол жеткізілген бейімделу әсері туралы кері байланыс негізінде жүйке орталықтарына түсетін ақпарат бейімделудің негізгі жүйе құраушы факторы болып табылатынын атап көрсетеді. Ф.З.Меерсон бізді

«Функционалдық күй – бұл психологиялық жүйенің жүйеаралық өзара әрекеттесуінің және адамның өз жағдайының өзін-өзі реттеуінің нәтижесі, ол бейімделу нәтижесі болып табылатын мақсатты әрекеттесудің белгілі бір ұйымы» деген қорытындыға әкеледі [12].

Ғалымдар атап өткендей, «ағза-сыртқы орта» тарихи өзара әрекеттесу процесінде қазіргі адамдар арасындағы қарым-қатынас әлемі, әлеуметтік әлем – технология әлемі «техносфера» және ақыл-ой «ноосфера» пайда болды. Бұл тұрғыда адамның бейімделуі тек планетаның жағдайына бейімделу ғана емес, сонымен бірге техно-ноосфераға бейімделу болып табылады, өйткені қоршаған ортаның барлық сыртқы факторлары адамға әсер етеді және олар қажетті тұлғааралық қарым-қатынастар арқылы көрінеді. Сонымен қатар, әлеуметтік және биологиялық факторлардың бірдей объективті әсер ету көлемі бар, өйткені олар жалпы бейімделу механизмдері аясында жүзеге асырылады.

Ғылыми жарияланымдарда және бейімделудің ғылыми концепциясының әзірлемелерінде Ч.Дарвин, И.П.Павлов есімдерімен жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделу қабілеті адамның жоғары жүйке қызметі мен психикалық белсенділігімен байланысы сипатталған.

Әлеуметтік бейімделудің негізгі заңдылықтарын талдай отырып, оның нақты әлеуметтік ортадағы тұлғаның дамуын анықтайтын негізгі аспектілерін қарастыру қажет. Осы элементтердің бірі – «әлеуметтену» ұғымы. Әлеуметтену процесінде адам өмірлік дағдыларды меңгереді және оның сыртқы әлеммен өзара әрекеттесуінің сәттілігін қалыптастыратын көптеген жағдайлар арқылы қоршаған ортаның әртүрлі құрылымдық элементтеріне белсенді қатысады. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтену процесі олардың бүкіл өмірінде бірнеше кезеңнен тұратын өзгерістерден өтеді. Әлеуметтену жолынан өткен адам өзгермелі жағдайларды игереді, бейімделу негізін құра отырып, өзінің қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін, қабілеттерін жүзеге асырады [13].

Бейімделу процесі мазмұны жағынан оңалту процесі болып табылады. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл процестердің екеуі де адамның функционалдық мүмкіндіктерін қалпына келтіру жағдайында да бейімделуге бағытталған. Әрине, бұл процестерде компенсаторлық қабілеттерді пайдалану негізінде тұлғаны белсендіру жетекші рөл атқарады [14].

Әлеуметтік бейімделудің келесі аспектісі – жеке тұлғаның әлеуметтік рөлді қабылдауы. Яғни, белгілі бір әлеуметтік ортаның құндылықтарына сәйкес жеке тұлғаның әлеуметтік, жеке қарым-қатынасындағы мінез-құлық үлгісінің өзгеруі. П.Г.Белкиннің пікірінше, жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі «бұл жай ғана әлеуметтік ортаға ену емес, бұл ұжым мен шағын топты біріктіретін белгілі бір қызмет түрімен байланысты ұжымдағы немесе шағын топтағы әлеуметтік байланыстарды ассимиляциялау және белсенді түрде жаңғырту» [15].

И.К. Кряжева, «Жеке тұлғаның әлеуметтік бейімделуі жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебе алу арқылы әлеуметтік ортаға қосылуын білдіреді және қоғамның біртұтас әлеуметтік организм ретінде қызмет етуінің қажетті шарты болып табылады. Ұжымдағы жеке тұлғаның оңтайлы әлеуметтік-психологиялық бейімделу критерийлері ретінде жеке тұлғаның әлеуметтік ортаға іскерлік араласуы және эмоционалдық әл-ауқаты көрсетілген», деп сипаттайды [16].

Ғылыми деректерде әлеуметтік бейімделу үрдісі екі маңызды құрамдас бөліктің болуымен айқындалады: объективті және субъективті. Субъект ретіндегі адам өмірінің сыртқы жағдайлары – ол адамның әлеуметтік қатынастар жүйесінде кәсіби немесе басқа да әлеуметтік қасиеттерге жету процесі сияқты объективті фактор болып табылады. Тиісінше, адам қызметінің нәтижелері дараланған және олар әлеуметтік бейімделу процесінің субъективті факторы болып табылады.

Жеке адамның өмірлік іс-әрекетінде оның әлеуметтік мәртебесінің немесе адамдар тобының жаңа әлеуметтік жағдайға байланысты өзгеруі оның әлеуметтік бейімделуінің негізгі кезеңдерінің бірізді өзгеруіне әкеледі, олардың әрқайсысында көптеген ерекше бейімделу механизмдерін қолдануға болады. Өзгертін іс-әрекет түріне байланысты әлеуметтік бейімделу механизмдері қалыптасады, олар үш кезеңде дамиды: белсенділік, қарым-қатынас, өзіндік сана.

Белсенділік тұлғаның әлеуметтік ортаға бірігуін жүзеге асыратын адамның бейімделу құрылымындағы негізгі элемент болып табылады.

Қарым-қатынас – бұл әлеуметтік топпен өзара әрекеттесу және бірлескен іс-әрекет кезінде құндылықтарды енгізуге бағытталған адамның әлеуметтік бейімделу механизмі. Өзара әрекеттесу процесінде әлеуметтік топ мүшелерінің арасында ақпарат алмасу ғана емес, сонымен бірге өзара ықпал да орын алады.

Жеке тұлғаның өзіндік санасы – бұл тұлғаның әлеуметтік бейімделу механизмі, өзінің рөлін, өзін дербес шешім қабылдауға және олар үшін жауапкершілік алуға қабілетті тұлға ретінде сезіну.

Бұл әлеуметтік бейімделу тетіктері мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін өмір сүру ортасына ену дағдыларын дамытуға ықпал ететін іс-әрекеттер тізбегі және қоршаған ортамен өзара әрекеттесу тәсілдері болып табылады. Осы ретте атап өтетін жағдай, ол мүмкіндігі шектеулі адамға өзін-өзі жүзеге асыру және жеке ресурстарын ашу мүмкіндігі бар қолайлы орта әбден қажет.

Мүмкіндігі шектеулі адамның қоршаған ортасы және жақын ортасы оның отбасы, достары және қоғамдық ұйым немесе білім беру, кәсіби қызметтегі әріптестері болып табылады. Осы ортада олардың әлеуметтік бейімделуінің көрсеткіштері болып адекватты өзін-өзі бағалауы, экстраверсия, өмірге қанағаттануы, бірлескен қызметте ашықтық пен көпшіл болуы, өзін еркін сезінуі және топтық жұмысқа қатысуы сияқты әрекеттері саналады. Бұл қасиеттердің мүмкіндігі шектеулі адамның бойында табылуы, олардың қызығушылығын кеңейтіп, ой-өрісін дамытады, ішкі жан дүниесін көркейтеді. Бұл қасиеттер олардың қызмет саласын ұйымдастыру және оңтайландыру кезінде әлеуметтік тәжірибесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Заманауи ғылыми зерттеулерде мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуі келесі деңгейлермен ажыратылады: жоғары, орташа, төмен. Айналадағы нормалар мен стереотиптерге шығармашылық көзқарасы бар мүмкіндігі шектеулі адамның әлеуметтік бейімделу деңгейі жоғары. Ол өз бетінше іс-әрекетке үлкен қызығушылық таныта алады, өз ортасындағы өзара әрекеттестікті жақсарту және тұлғааралық қарым-қатынастарды құру бойынша ұсыныстар жасайды. Қоғамдық, саяси және экономикалық жұмыстарға белсене қатысады. Өз бетінше шешім қабылдауға,

өмірлік жағдайларды басқаруға қабілетті, әлеуметтік бейімделуі жоғары адамның өмірлік жоспарлары мен болашағы бар. Ол өзін-өзі қамтамасыз ететін және өз өміріне қанағаттанған, өмірге деген құштарлығы бар, өміріндегі өзгерістерге дайын, кемшіліктер болса, оны жоюға тырысады және қоғамдық өмірде белсенді. Сонымен қатар, олардың денсаулық жағдайына қатысты ақпаратты түсінуге және емдеу процедураларын уақтылы орындауға қажетті дағдылары мен білімдері бар.

Әлеуметтік бейімделудің орташа деңгейіндегі мүмкіндігі шектеулі адамның қоғамның нормалары мен құндылықтарына өзгеріссіз бейімделуі, қоршаған әлемде әрекет етудің қалыптасқан нысандары мен тәсілдерін меңгеруі сияқты қасиеттерін байқауға болады. Олар қоғамдық өмірге, оның ішінде оқу орындарында оқуға және жұмысқа деген оң көзқарасын білдіреді. Ал материалды көрнекі көрсету арқылы ғана игеріп, стандартты есептерді шешуде өз бетінше әрекет ете алады. Басқалармен қарым-қатынасты бастамайды, сыртқы көмекпен ынтымақтастыққа бағытталған, өзін-өзі күту дағдылары жеткілікті түрде дамымауы мүмкін.

Әлеуметтік бейімделу деңгейі төмен мүмкіндігі шектеулі адамдардың көбінесе жеке тұлғааралық қарым-қатынасының болмауы осы топтағылар үшін норма болып табылады. Оларға қарсыласпен диалог жүргізу қиынға соғады, қарым-қатынаста қақтығыстар болуы мүмкін, қарым-қатынасқа қызығушылық немесе құлшыныс танытпайды. Әлеуметтік дағдылар мен өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары нашар дамыған. Кедергілерді еңсеруде бос уақыттың, жұмыстың және кәсіби қызметтің тар шеңберімен сипатталады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуінің әртүрлі аспектілерін теория мен практикада жан-жақты қарастыру, «әлеуметтік бейімделу» үдерісінің халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінде негізгі фактордың бірі екендігін көрсетеді. Осыған орай әлеуметтік бейімделу үрдісі барысында келесідей аса маңызды мәселелер туындайды:

Соңғы жылдардағы еліміздегі осы саладағы реформалық жетістіктерге қарамастан, әлеуметтік бейімделудегі негізгі кедергілердің бірі психологиялық және әлеуметтік кедергілер болып табылады. Қоғамдық пікір және мүмкіндігі шектеулі адамның жеке сенімсіздігі көбінесе оның өзін-өзі бағалауының төмендігін қалыптастырады. Сонымен қатар, мүмкіндігі шектеулі адамдар басқалардың психологиялық қысымын сезінуі мүмкін, бұл олардың әлеуметтік кемсітушілікке әкелетін психологиялық оқшаулануымен көрінеді, бұл сөзсіз әлеуметтік өзара әрекеттестіктің айтылмаған ережелерін ассимиляциялауда көрінеді.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуінің тағы бір проблемасы стигматизация болып табылады. Психофизиологиялық бұзылыс туралы қоғамдық стереотипті тек қана кемшілік пен кедергілер ретінде қалыптастыру, ал оның салдары қоғамда жағымсыз көзқарастарды туғызады. Бұл позиция әлеуметтік интеграцияны шектейді, бейімделу кезеңінде айтарлықтай қиындықтар тудырады. Стереотиптер мен стигматизация олардың үмітсіз, толыққанды өмір сүруге қабілетсіз адамдар ретіндегі бейнесін жасайды. Бұл тұрғыда қалыптасқан стереотиптер мүмкіндігі шектеулі адамдардың даму мүмкіндіктерінен айырады және қоғамға тең қолжетімділік пен толық қатысу мүмкіндігі бар инклюзивті ортаны құруды қиындатады.

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу үрдісінде қоршаған орта әсері және сол ортадан қолдау алу мәселелері әр кезеңдерде шешуші рөл атқарған. Қолайлы ортаны құру үшін басқалардың қолдауы әлеуметтік бейімделу процесінің негізгі нүктесі болып табылады. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан алғанда, шектеулі мүмкіндік қазіргі таңда адамзатқа көптеген іргелі әлеуметтік мәселелерді алға тартуда. Бұрынғыдай бүгінгі күні де, сәулеттік кедергілер, инфрақұрылымға байланысты қозғалыс қиындығы, қоғамдық көліктің қолжетімділігі әлі де жүйелі шешімді қажет ететін жеткілікті қолайлы физикалық орта емес және өзекті мәселелердің бірі болып қала береді.

В.Ц. Цыреновтың айтуынша, «мүмкіндігі шектеулі жастарды оңалтудың мәні мен мазмұны тек денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігін ғана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік жағдайын, оның құқықтық жағдайын, қоғамдағы моральдық-психологиялық тепе-теңдігін, өзіне деген сенімділігін, ортаға интеграциялану қабілетін қалпына келтіру болып табылады» [17]. Автор осы арада, мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтену үрдісінде, бейімделу технологияларына ерекше назар аудару қажеттілігіне тоқталады. Мәселенің мәні, жастар саясаты институттарында қолданылатын негізгі технологиялар – әлеуметтік оңалту, әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік болжау және әлеуметтік диагностиканы қолдану жеткіліксіз дегенге келтіреді. Автор, осы санаттағы жастарды әлеуметтік бейімдеуде бар технологияларды жоққа шығармайды, керісінше оларды қолдана отырып заманауи бейімдеу әдістерінің болу қажеттілігіне тоқталады.

И.А. Михаленкова мен И.Е. Ростомашвили мүмкіндігі шектеулі адамның әлеуметтік бейімделуінің нәтижесі ретінде өмірге, жақын ортамен қарым-қатынасқа қанағаттану сезімін тудыру, шығармашылық белсенділікті арттыру, қарым-қатынаста табысқа жету және шағын топ пен өмір сүру ортасының бірлескен іс-әрекеттерін сипаттайды [18]. Аталған ғалымдардың пікірімен келісе отырып, біз мүмкіндігі шектеулі азаматтың әлеуметтік бейімделуі деп оның шағын топта өзін еркін сезінуі және әртүрлі қызмет түрлеріне тартыла алу мүмкіндігі деп ойлаймыз. Бұл мүмкіндігі шектеулі адамға өзінің ішкі әлемін жаңа құндылықтар мен әлеуметтік нормалардың көмегімен байытуға және шағын топта іс-әрекетті ұйымдастыру кезінде әлеуметтік тәжірибені пайдалануға жол ашады деп тұжырымдаймыз.

Жалпы осы санаттағы адамдардың әлеуметтік бейімделу технологиялары мәселесі жүйелі түрде Д.В. Григорьевтің еңбектерінде ұсынылады [19]. Ғалымның пайымдауынша мүмкіндігі шектеулі адамдарды әлеуметтік бейімдеуде қолданылатын «негізгі технологиялар – ойын, әлеуметтік тренинг, экскурсия, әңгімелесу сияқты формалар арқылы да жүзеге асырылады». Автор өз пікірін: «ойын мүмкіндігі шектеулі адамның әлеуметтік бейімделу технологиясының бір түрі ретінде, өзін таба алатын нақты әлеуметтік ортаға еліктейді», деп дәлелдейді. Ғылыми әдебиеттерді зерттеу нәтижесінде алынған деректерден мүмкіндігі шектеулі азаматтарды әлеуметтік бейімдеу процесінде іскерлік ойындардың алуан түрі, оның ішінде симуляциялық, іскерлік және тағы басқа ойындардың кеңінен қолданылатынына көзіміз жетті [20].

Біз, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін әлеуметтік бейімделу технологиясын таңдау көбінесе оның өмірлік мәселесіне байланысты деп ойлаймыз. Айталық,

психофизиологиялық жағдайына байланысты мүмкіндігі шектеулі адамның шағын топтың мүшесі болып кәсіби қызметпен айналысуға, жеке тұлғаның әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға ықпал ететін театрларға, мұражайларға баруға және қоғамның мәдени дәстүрлері мен құндылықтарымен таныстыруға әрқашан мүмкіндік бола бермейді. Дегенмен, мұндай қиындықтарды әлеуметтік жұмыс мамандары мен психологтардың мүмкіндігі шектеулі адамды қоғамға кіріктіруге бағытталған психологиялық және ойын түзету әдістерін қолдану арқылы кешенді жұмысының көмегімен жеңуге болады.

Ұсынылған тақырыптың өзектілігі біздің зерттеуіміздің мақсатын қазіргі қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу аспектісін шетел әдебиеттері негізінде зерделеу мен осы саладағы бар қиындықтарды талдау ретінде анықтады.

Зерттеу әдісі – сауалнама негізінде жүзеге асырылды. Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру бөлімінде 18 бен 30 жас аралығындағы 23 мүмкіндігі шектеулі адаммен сауалнама жүргізілді.

Біз зерттеу мақсатымызға сәйкес мүмкіндігі шектеулі жастарға өз өмірінің сапасын қалай бағалайды, әлеуметтік рөлдерді орындау ерекшеліктерін және эмоционалдық жағдайларын анықтауды көздедік.

Сауалнаманың «Сіз өз өміріңіздің сапасын қалай бағалайсыз?», деген бірінші сұрағымызға респонденттердің 9% жоғары деңгейді көрсетсе, 27% орта, ал 44% ортадан төмен деңгеймен шектелді (1 сурет).



Сурет 1. Сіз өз өміріңіздің сапасын қалай бағалайсыз?

«Қоғамда өзіңізді қандай рөлде көресіз?», деген сауалға зерттеушілеріміздің 13% пайызы «Өзімді қоғамның қалыпты мүшесі ретінде санаймын»десе, 65% респондент «Өзімнің қоғамнан бөлек өмірім бар», ал 22% респондет жауап беруден бас тартқан (2 сурет).


Қоғамда өзіңізді қандай рөлде көресіз?



Сурет 2. Қоғамда өзіңізді қандай рөлде көресіз?

«Сіз өзіңіздің эмоционалдық күйіңізді қалай бағалайсыз?» деген сұраққа 14% зерттелуші көңіл-күйім жақсы, 52% қалыпты десе, 26% «Көңіл-күйім нашар» деп жауап берген (3 сурет).

Сіз өзіңіздің эмоционалдық күйіңізді қалай бағалайсыз?



Сурет 3. Сіз өзіңіздің эмоционалдық күйіңізді қалай бағалайсыз?

Сауалнама нәтижелерімізге сәйкес, респонденттердің айтарлықтай бөлігі өздерінің өмір сапасына көңілдері толмайтынын байқадық, біз бұл жағдайды респонденттер жұмыста, оқуда және үйде қиындықтарға тап болу мүмкіндігі бар екендігін атап өткіміз келеді. Осылайша, барлық респонденттердің тек 9% ғана күнделікті өмірдегі

және сыртқы ортадағы бірқатар өздерінің өмірлеріндегі болып жатқан жағдайларға байланысты респонденттердің айтарлықтай бөлігі алаңдаушылықтың орташа және жоғары деңгейін айтады. Олар «бүгінгі күн» туралы ғана алаңдамайды, сонымен қатар болашақтағы қиындықтарды болжайды.

Сауалнаманың «Сіз өз өміріңіздің сапасын қалай бағалайсыз?», деген бірінші сұрағымызға респонденттердің өмір сүру сапасының төмен (44%) деңгейі анықталды. Осы ретте біз, олардың әлеуметтік өмірін шектейтін әлеуметтік-экономикалық, денсаулық сақтау және мәдени факторларды алға тартамыз. Мүмкіндігі шектеулі адамдар қоғамдағы өз рөлін жеке тәжірибе, қоршаған әлеуметтік орта және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолжетімді мүмкіндіктер призмасы арқылы қабылдайды. Олардың жағдайына деген көзқарасына сыртқы факторлар да (әлеуметтік, мәдени, экономикалық) және өзін-өзі бағалау мен өзіне деген сенімділік деңгейіне негізделген ішкі сенімдер әсер етеді.

Сауалнамамыздың бірінші сұрағына респонденттердің 9% өмір сапаларын жоғары деңгейді көрсетті. Бұл дегеніміз көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдар әртүрлі контексттерде: білім, жұмыс, спорт, саясат және өнерде рөл атқара отырып, қоғамның жемісті мүшесі болуға ұмтылады. Олар физикалық немесе психикалық шектеулерге қарамастан өздерін қоғамдық өмірге елеулі үлес қосуға қабілетті үлескерлер ретінде сақтайды. Заманауи технологиялар мен қолжетімділік бастамаларының арқасында мұндай адамдар бұрын қатысу мүмкін болмаған мамандықтарда өздерін жүзеге асыра алады.

Дегенмен, қоғам мүмкіндігі шектеулі адамдарға стереотиптер мен теріс пікірлерге негізделген пассивті рөлдерді жиі жүктейтінін атап өткен жөн. Кейбір адамдар мүмкіндіктерге ұмтылу мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан өздерін әлеуметтік көмек пен ресурстарға тәуелді деп санауы мүмкін. Бұл біздің ойымызша, адамның өзін-өзі бағалауы мен өз мәдениетін сезінуінің төмендеуіне әкелуі әбден мүмкін.

Зерттелетін мәселенің өзектілігі қазіргі қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі азаматтардың әлеуметтік мәселелерінің күрделенуімен байланысты. Мүмкіндігі шектеулі жас ұрпақтың көпшілігі сенімді әлеуметтік бағдарсыз, әлеуметтік-психологиялық дағдарыс жағдайын бастан кешіп жатқаны анық. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың өздері эмоционалдық жағдайын бағалауы, көбінесе олардың жеке тәжірибесіне, әлеуметтік қолдау деңгейіне, қоршаған ортаны қабылдауына байланысты деп ойлаймыз. Сауалнама барысында 52% қалыпты десе, 26% «Көңіл-күйім нашар» деп жауап берген адамдардың эмоционалдық саласы стресс факторларына байланысты өзгеруі мүмкін, бұл қарым-қатынас стандарттарына, жетістіктерге қосылуға, өзін-өзі жүзеге асыруға және жеке өсуге байланысты. Көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін стресстің негізгі көзі күнделікті өмірге кедергі келтіруі мүмкін физикалық немесе сенсорлық шектеулер болып табылады. Қоршаған ортаға қол жетімділікке байланысты тұрақты қиындықтар немесе басқалардың көмегіне тәуелділік кейде эмоционалды сарқылуға, көңілсіздікке және дәрменсіздік сезіміне әкеледі. Бұл мазасыздық, депрессия және өзін-өзі бағалауды тексеру сияқты жағдайларды тудыруы мүмкін. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі адамдардың эмоционалдық жағдайына әсер ететін маңызды факторлардың бірі – әлеуметтік оқшаулану. Сауалнама нәтижесі бойынша 65% респондент «Өзімнің

қоғамнан бөлек өмірім бар» деп жауап берді. Бұл инфрақұрылымдық кедергілерге, стигмаға байланысты болуы мүмкін. Жұмысқа қабілетсіздік пен жалғыздық сезімі деградацияның дамуына ықпал ете отырып, эмоционалдық жағдайды айтарлықтай нашарлауына әкелетіні анық. Дегенмен, мүмкіндігі шектеулі адамдар инклюзивті қоғамдастықтарға қол жеткізген кезде, олар емделеді, бұл олардың эмоционалдық әлауқатына ықпал етеді.

Эмоционалдық қиындықтарға қарамастан, көптеген мүмкіндігі шектеулі адамдар эмоционалды тұрақтылықты дамытады. Сонымен бірге әлеуметтік қолдау мүмкіндігі шектеулі адамдардың эмоционалдық әлауқатында басты рөл атқарады. Отбасы, достары, әріптестері және әлеуметтік қызметкерлер қиын сәттерде адамға эмоционалды тұрақтылық пен қолдау үшін маңызды ресурстарды қамтамасыз ете алады.

Сонымен біз, мүмкіндігі шектеулі адамдардың эмоционалдық жағдайын бағалауды әртүрлі факторлармен байланыстырамыз: физикалық тәуелсіздік деңгейі, әлеуметтік қолдау, қоршаған орта және жеке бейімделу тәсілдері. Ал керісінше, қатаң шектеулер мен әлеуметтік оқшаулану теріс әсер етуі мүмкін, осы қатардағы азаматтар үшін қолдау көру эмоционалды тұрақтылық пен оң өзін-өзі имиджін дамытудың жолы деп түсінеміз.

Қорытынды

Сауалнамаға қатысқандардың жартысынан көбі әлеуметтік рөлдерді орындаудағы қиындықтарды да атап көрсетеді. Респонденттердің көпшілігі өзінің эмоциялық жағдайын бағалауда көңіл-күйлерінің нашар екенін атап кетті. Барлық ұсынылған жауаптар мүмкіндігі шектеулі жастардың әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасау, әлі де материалдық қамтамасыз етуді арттыру, жұмыспен қамту мәселелерін шешу, қалыпты жағдайдағы адамның санасында мүмкіндігі шектеулі адамдар туралы түсініктерін өзгерту, адамдардың әлеуметтік рөлін арттыру, қоғамдағы мүмкіндіктерін кеңейту шеңберіндегі қажеттіліктің дәлелі сияқты.

Осылайша, мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделуі олардың өмір сүру сапасы мен өзін-өзі жүзеге асыруында көрініс табатын өмірдің барлық салаларына интеграциялану процесі болып табылады. Бұл үрдіс физикалық, әлеуметтік және психологиялық ортаға бейімделуді қамтитын қоғамда тиімді қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруды көздейді.

Сауалнама көрсеткендей мүмкіндігі шектеулі адамдардың өмір сүру сапасының төмендігі физикалық, әлеуметтік және экономикалық кедергілердің жиынтығына байланысты. Олардың әлауқатын жақсарту білімге, жұмысқа, денсаулық сақтау мен инфрақұрылымға қолжетімділікті жақсарту үшін құрылымдық өзгерістерді, сондай-ақ қоғамдағы өзгерістерді талап етеді.

Сонымен, мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу аспектісін ғылыми әдебиеттер негізінде зерделеу мен осы саладағы бар қиындықтарды талдау барысында, біз «әлеуметтік бейімделу» идеясының өзі қоршаған ортаға бейімделуден әлдеқайда терең ұғым екендігін баса көрсетеміз. Қазіргі ғылыми ортада мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімделу мәселелері, олардың әлеуметтік өмірге белсенді қатысуымен, өзін-өзі бағалау және қоғамға қатыстылық сезімін дамытуға көмектесетін

бірден бір құрал ретінде қарастырылады деп тұжырымдаймыз. Бұл тұрғыда бейімделу осы топ азаматтарының өмір сүру деңгейін жақсартуда, олардың психикалық денсаулығын нығайтуда және өзін-өзі дамытуға жағдай жасауда шешуші рөл атқарады деп қорытындылай аламыз. Мүмкіндігі шектеулі жандар көзқарасы мен өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктері қоршаған орта жағдайларына және қоғамның қолдау деңгейіне өте тәуелді екендігіне біз баса назар аударамыз.

Авторлардың қосқан үлесі

З. Мовкебаева – жоба жетекшісі ретінде жариялауға арналған мақаланың мәтінін сыни тұрғыда қайта қарау және оның соңғы нұсқасын бекіту жұмысын іске асырды.

Г. Жолтаева – зерттеу жұмысының концепциясын құрумен айналысты.

Б. Альмухамбетова – мәтін жазу, жұмыстың барлық бөлігіне қатысты мәселелерді нақтылап зерттеумен айналысты.

Р. Есимханова – мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік бейімдеу мәселесінде өз бақылауларымен, зерттеулерімен бөлісті.

Мақала мәтінін жазу мен өңдеуге авторлар бірлесіп атсалысты. Барлық авторлар мақаланың негізгі бөлімін, қорытындысын, кіріспесін жазуға белсенді түрде үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Дюркгейм Э. Об общественном разделении труда. Социологический метод. М.: Наука, 1991. - 575 с.
2. Парсонс Т. О социальных системах. - М.: Наука. 2002. - 231 с.
3. Вебер М. Избранные произведения. - СПб.: Питер.Ком. 2012. - 320 с.
4. Фромм Э. Человек для себя. - Москва. - 1993. - 118 с.
5. Анчикова В.А. Объективные и субъективные факторы социальной адаптации студентов профессиональных колледжей / В.А. Анчикова, Ю.А. Крикунова // Научно-методический электронный журнал "Концепт". – 2017. – № S14. – С. 46–54. – EDN YTVCIIP.
6. Лемуар Р. Предмет социологии и социальные проблемы // Основы практической социологии / Лемуар Р, Мерлье Д., Пенто Л., Шампань П. - Пер. с фр. Москва: Институт экспериментальной социологии. – СПб.: Алетейя, 2001. – 82 с.
7. Миллс К.Р. Социологическое воображение / Ч.Р. Майлз. - М., 1998. - 264 с.
8. Антропьянская Л.Н. Особенности социально-психологической адаптации людей среднего возраста (45-60 лет) в зависимости от профессиональной принадлежности: автореф. дис... канд. пед. наук. – Томск, 2008. – 26 с.
9. Жилина С.А. Социально-экономическая адаптация инвалидов в современном обществе: автореферат дис... канд эк.наук. – Москва, 2004. 24 с.
10. Лопатина А.Б. Теоретические основы адаптации и механизмы ее обеспечения // Научное обозрение. Медицинские науки. – 2016. – № 5. - С. 63-71. – EDN UFNFIV.
11. Анохин П.К. Проблема центра и периферии в физиологии современной нервной деятельности. - Москва: Горький, 2010. - С. 9-70.
12. Меерсон Ф.З. Основные законы личностной адаптации. - М.: Наука, 1986. - С.10-76.
13. Милославова И.А. Понятие и структура социальной адаптации: автореф. дис. ... канд. психол.наук. Ленинград, 1974. 19 с.

14. Дементьева Н.Ф., Устинова Е.В. Формы и методы медико-социальной реабилитации граждан-инвалидов. - Москва: Горький, 1991. 134 с.
15. Белкин П.Г., Емельянов Е.Н., Иванов М.А. Социально-психологическая адаптация молодого специалиста в научном коллективе. - Москва: Горький, 1987. 212 с.
16. Крязева И.К. Социально-психологические факторы адаптации личности: автореф. дис. ... канд. психол.наук. Москва, 1980. 24 с.
17. Цыренов В.Ц. Сущность процесса социально-профессиональной адаптации обучающихся с ограниченными возможностями здоровья в учреждениях высшего образования / В. Ц. Цыренов // Мир науки. – 2017. – Т. 5, № 4. – С. 12. – EDN ZMPZPR.
18. Михаленкова И.А., Ростомашвили И.Е., Шумова Ю.В. [и др.]. Сравнение отношения студентов высших учебных заведений различного профиля образования к сокурсникам с ограниченными возможностями здоровья// Science for Education Today. – 2021. – Т. 11, № 1. – С. 7-30. – DOI 10.15293/2658-6762.2101.01. – EDN TDZYDJ.
19. Григорьев, Д.В. Концепции реабилитации инвалидов в экономических условиях пост-пандемии / Д. В. Григорьев // Региональные проблемы преобразования экономики. – 2020. – № 7(117). – С. 49-56. – DOI 10.26726/1812-7096-2020-07-49-56. – EDN IZFICM.
20. Социально-трудовая реабилитация и адаптация инвалидов и лиц пожилого возраста: монография / М. О. Буянова [и др.] ; под редакцией М. О. Буяновой. — Москва : Издательство Юрайт, 2024. – 132 с. [Электронный ресурс] - URL: <https://urait.ru/book/socialno-trudovaya-reabilitaciya-i-adaptaciya-invalidov-i-lic-pozhilogo-vozrasta-543123>

Мовкебаева З.А.¹, Жолтаева Г.Н.², Альмухамбетова Б.Ж.³, Есимханова Р.К.⁴

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

^{2,3,4}Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан

Проблемы социальной адаптации людей с ограниченными возможностями в современном обществе

Аннотация. В статье комплексно изучаются проблемы социальной адаптации людей с ограниченными возможностями. Хотя в мире были внедрены законодательные рамки и программы для обеспечения социальной защиты и инклюзивности, доступ граждан с ограниченными возможностями к равным правам и возможностям в обществе по-прежнему сталкивается с препятствиями. Цель данной статьи – изучить аспект социальной адаптации людей с ограниченными возможностями в зарубежной научной литературе и проанализировать существующие трудности в этой области, найти возможные пути их преодоления, обосновать проблему социальной адаптации данной категории людей на научной основе.

Научная значимость статьи заключается в том, что в рамках психологической науки проанализированы развитие и образование людей с ограниченными возможностями в системе социальной защиты, фундаментальные вопросы трудоустройства. Практическая значимость статьи заключается в том, что материалы исследования позволяют определить психологические, социальные, инфраструктурные аспекты адаптации, современные направления оказания

психологической помощи, внутренние ресурсы для их оптимизации в условиях обучения в высших учебных заведениях и колледжах. Результаты исследования позволили классифицировать уровни социальной адаптации людей с ограниченными возможностями здоровья как высокие, средние и низкие. Авторы, ссылаясь на исследования зарубежных ученых, представляют теоретические основы социальной адаптации. Показаны психологические и социальные инфраструктурные аспекты адаптации, значение социально-психологической поддержки. В статье даны рекомендации о необходимости создания подходящей социальной среды для людей с ограниченными возможностями, а также развития механизмов поддержки в обществе. В данной исследовательской работе представлены предложения, направленные на решение сложных проблем на пути обеспечения полноценной жизни людей с ограниченными возможностями в обществе.

Ключевые слова: социальная адаптация, люди с ограниченными возможностями, правовое регулирование, инклюзия, психологические барьеры, стигматизация, социальная поддержка.

Movkebayeva Z.A.¹, Zholtayeva G.N.², Almukhambetova B.Zk.³, Yessimkhanova R.K.⁴

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

^{2,3,4}*Ilyas Zhansugurov Jetysu University, Taldykorgan, Kazakhstan*

Problems of social adaptation of people with disabilities in modern society

Abstract. The article comprehensively explores the issues of social adaptation for people with disabilities. Despite the implementation of legislative frameworks and programs aimed at ensuring social protection and inclusion, individuals with disabilities still face barriers in accessing equal rights and opportunities within society. The work analyzes the development of the social protection system, educational and employment opportunities, as well as the role of public organizations. It addresses issues of inequality, stigmatization, and social isolation in the daily lives of people with disabilities, and classifies their levels of social adaptation as high, medium, and low. The authors reference studies by foreign scholars and present the theoretical foundations of social adaptation. They analyze the psychological, social, and infrastructural aspects of adaptation, emphasizing the importance of social and psychological support in this process. The article also highlights the necessity of creating a favorable social environment for people with disabilities and offers recommendations for developing support mechanisms and general societal changes. This research work proposes solutions to the complex issues related to ensuring a full-fledged life for people with disabilities in society.

Keywords: Social adaptation, people with disabilities, legal regulation, inclusion, psychological barriers, stigmatization, social support.

References

1. Dyurkgejm E. Ob obshchestvennom razdelenii truda. Sociologicheskij metod [On the social division of labor. Sociological method]. M.: Nauka. [Science], 1991. 575 p. [in Engl.].

2. Parsons T. O social'nyh sistemah. [About social systems]- M., 2002. – 231 p. [in Engl.].
3. Veber M. Izbrannye proizvedeniya. [Selected works] - SPb.: Piter.Kom [St. Petersburg: Peter.Com.] - 2012. - 320 p. [in Engl.].
4. Fromm E. Chelovek dlya sebya. [A person for himself] - Moskva. [Moscow]. 1993. - 118 p. [in Engl.].
5. Anchikova V.A., Krikunova Yu. Ob"ektivnye i sub"ektivnye faktory social'noj adaptacii studentov professional'nyh kolledzhej. [Objective and subjective factors of social adaptation of vocational college students]. Nauchno-metodicheskij elektronnyj zhurnal «Konceptiya» [Scientific and methodological electronic journal "Concept"]. - 2017. - № 14. P. 12-19. – EDN YTVICIP.
6. Lenuar R. Predmet sociologii i social'nye problem. [Subject sociology and social problem]. Osnovy prakticheskoy sociologii Lenuar R., Merl'e D., Pento L., SHampan' P. - Per. s fr. Moskva: Institut eksperimental'noj sociologii. [Basic practical sociology / Lenoir R., Merlieu D, Pento L, Champagne P. - Per. s fr. Moscow: Institute of Experimental Sociology] – SPb.: Aletejya. [St. Petersburg: Aleteia], 2001. – 82 p. [in Russ.].
7. Mills K.R. Sociologicheskoe voobrazhenie. [Sociological imagination]. CH.R. Majlz. [Ch.R. Miles] - M., 1998. - 264 p. [in Russ.].
8. Antropyanskaya L.N. Osobennosti social'no-psihologicheskoy adaptacii lyudej srednego vozrasta (45-60 let) v zavisimosti ot professional'noj prinadlezhnosti. [Features of socio-psychological adaptation of middle-aged people (45-60 years old) according to professional affiliation]: Avtoref. dis... kand.ped. nauk. [Abstract of dissertation... candidate of pedagogical sciences.] – Tomsk, 2008. – 26 p. [in Russ.].
9. Zhilina S.A. Social'no-ekonomicheskaya adaptaciya invalidov v sovremennom obshchestve. [Socio-economic adaptation of disabled people in modern society]: avtoreferat dis.. kand.ek.nauk. [abstract of diss... candidate of economic sciences] – Moskva.[Moscow], 2004. - 24 p. [in Russ.].
10. Lopatina A.B. Teoreticheskie osnovy adaptacii i mekhanizmy ee obespecheniya. [Theoretical foundations of adaptation and mechanisms of its provision].Nauchnoe obozrenie. Medicinskie nauki. [Scientific review. Medical sciences] – 2016. – № 5. - P. 63-71. – EDN UFNFIV.
11. Anohin P.K. Problema centra i periferii v fiziologii sovremennoj nervnoj deyatel'nosti. [The problem of center and periphery in the physiology of modern nervous activity] – Moskva.: Gor'kij. [Moscow.: Gorky], 2010. - P. 9-70. [in Russ.].
12. Meerson F.Z. Osnovnye zakony lichnostnoj adaptacii. [Basic laws of personal adaptation]- M.: Nauka [Science], 1986. - P.10-76. [in Engl.].
13. Miloslavova I.A. Ponyatie i struktura social'noj adaptacii [Concept and structure of social adaptation]: avtoref. dis. ... kand. psihol.nauk Leningrad.[abstract. dis.... cand.psychol.science. Leningrad], 1974. 19 p. [in Russ.].
14. Dement'eva N.F., Ustinova E.V. Formy i metody mediko-social'noj rehabilitacii grazhdan-invalidov [Forms and methods of medical and social rehabilitation of disabled citizens]. - Moskva: Gor'kij. [Moscow.: Gorky], 1991.134 p. [in Russ.].
15. Belkin P.G., Emel'yanov E.N., Ivanov M.A. Social'no-psihologicheskaya adaptaciya molodogo specialista v nauchnom kollektive. [Social and psychological adaptation of a young specialist in a scientific team] - Moskva: Gor'kij. [Moscow.: Gorky], 1987. 212 p. [in Russ.].
16. Kryazeva I.K. Social'no-psihologicheskie faktory adaptacii lichnosti: avtoref. [Socio-psychological factors of personality adaptation: abstract] dis. ... kand. psihol. Moskva, [abstract. dis. ... cand.psychol. science. Moscow], 1980. 24 p. [in Russ.].

17. Cyrenov V.C. Sushchnost' processa social'no-professional'noj adaptacii obuchayushchihhsya s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya v uchrezhdeniyah vysshego obrazovaniya. [The essence of the process of social and professional adaptation of students with disabilities in higher education institutions] // Mir nauki. Pedagogika i psihologiya. [The world of science. Pedagogy and psychology] -2017. - № 4 – EDN ZMPZPR.

18. Mihalenkova I.A., Rostomashvili I.E. Sravnenie otnosheniya studentov vysshih uchebnykh zavedenij razlichnogo profilya obrazovaniya k sokursnikam s ogranichennymi vozmozhnostyami zdorov'ya. Science for Education Today. – 2021. – Т. 11, № 1. – С. 7-30. – DOI: 10.15293/2658-6762.2101.01. – EDN TDZYDJ.

19. Grigor'ev D.V. Konceptii reabilitacii invalidov v ekonomicheskikh usloviyakh post-pandemii. [Concepts of rehabilitation of people with disabilities in the economic conditions of the post-pandemic.] RPPE. - 2020. - № 7 (117). – DOI: 10.26726/1812-7096-2020-07-49-56. – EDN IZFIGM.

20. Buyanovoj M.O. Social'no-trudovaya reabilitaciya i adaptaciya invalidov i lic pozhilogo vozrasta monografiya [Social and labor rehabilitation and adaptation of people with disabilities and the elderly: monograph] – Moskva [Moscow]: Izdatel'stvo Yurajt [Yurait Publishing House], 2024. – 132 p. – URL: <https://urait.ru/book/socialno-trudovaya-reabilitaciya-i-adaptaciya-invalidov-i-lic-pozhilogo-vozrasta-543123>

Авторлар туралы мәлімет:

Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна – педагогика ғылымдарының докторы. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанындағы Қазақстан Республикасы ЖОО-на арналған инклюзивті білім беру және профилактикалық суицидология бойынша ресурстық кеңес беру орталығының директоры. Абай даңғылы 14, Алматы, қ. Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0003-2757-3389> Id 5719075414

Жолтаева Гульнар Нурболатовна – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, педагогика және психология факультеті. Жансүгіров көшесі 118. Талдықорған қ., Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-8841-1650> Scopus Author ID: 57191914164

Альмухамбетова Бибигуль Жексембаевна (автор-корреспондент) – 6D010300 Педагогика және психология философия докторы (PhD). Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі. Жансүгіров көшесі 118. Талдықорған қ., Қазақстан. <https://orcid.org/0000-0002-6453-7443> Scopus Author ID: 57208164153

Есимханова Райгуль Кәжмухановна – педагогика және психология магистрі. Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, педагогика және психология кафедрасының оқытушы-дәріскері. Жансүгіров көшесі 118. Талдықорған қ., Қазақстан <https://orcid.org/0009-0001-8795-7395>

Сведения об авторах:

Мовкебаева Зульфия Ахметвалиевна – доктор педагогических наук. Директор ресурсно-консультационного центра инклюзивного образования и профилактической суицидологии для вузов РК при Казахском национальном педагогическом университете имени Абая. пр. Абая, 14. г.Алматы, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0003-2757-3389> Id 5719075414

Жолтаева Гульнар Нурболатовна – кандидат педагогических наук, Жетысуский университет имени Ильяса Жансукирова, факультет педагогики и психологии. ул. Жансугурова, 118, г.Талдыкорган, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-8841-1650> Scopus Author ID: 57191914164

Альмухамбетова Бибигуль Жексембаевна (автор-корреспондент) – PhD по педагогике и психологии, заведующий кафедрой педагогики и психологии, Жетысуский университет имени Ильяса Жансукирова. ул. Жансугурова, 118, г.Талдыкорган, Казахстан. <https://orcid.org/0000-0002-6453-7443> Scopus Author ID: 57208164153

Есимханова Райгуль Казмухановна – магистр педагогики и психологии, преподаватель кафедры педагогики и психологии, Жетысуский университет имени Ильяса Жансукирова. ул. Жансугурова, 118, г. Талдыкорган, Казахстан <https://orcid.org/0009-0001-8795-7395>

About the authors:

Movkebaeva Zulfia Akhmetvalievna – Doctor of Pedagogical Sciences. Director of the resource consultation center for inclusive education and preventive suicidology for universities of the Republic of Kazakhstan, Kazakh National Pedagogical University named after Abai. 14 Abay Street. Almaty, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0003-2757-3389> Id 5719075414

Zholtaeva Gulnar Nurbolatovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Faculty of Pedagogy and Psychology, Zhetisu University named after Ilyas Zhansukirov. Zhansugurov st. 118, Tal dykorgan, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-8841-1650> Scopus Author ID: 57191914164

Almukhambetova Bibigul Zheksembaevna (Author Correspondent) – 6D010300 Doctor of Philosophy (PhD) in Pedagogy and Psychology. Head of the Department of Pedagogy and Psychology, Zhetisu University named after Ilyas Zhansukirov. Zhansugurov st. 118, Tal dykorgan, Kazakhstan. <https://orcid.org/0000-0002-6453-7443> Scopus Author ID: 57208164153

Yesimkhanova Raigul Kazmukhanovna – master of pedagogy and psychology. Teacher-lecturer of the Department of Pedagogy and Psychology, Zhetisu University named after Ilyas Zhansukirov. Zhansugurov st. 118. Tal dykorgan, Kazakhstan <https://orcid.org/0009-0001-8795-7395>